

ҚАЗАҚСТАН ТӘЖІРИБЕСІНДЕГІ ИСЛАМДЫҚ ҚАРЖЫНЫҢ ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Аңдатпа

Соңғы он жылда жаңашыл бизнес исламдық қаржы құралдарына ерекше мән беруде. Алдымен, экономикадағы дағдарыс кезінде «стресс төзімділігімен» байланысты. Жылдан жылға исламдық қаржы институттары мен құралдары азиаттық елдерден ғана емес, экономикалық дамыған елдерде де артуда. Посткеңестік кеңістікте Қазақстан бизнесте исламдық қаржы құралдарын қолдануда белгілі жетістіктерге жетті. Исламдық қаржыландырудың перспективалы бағытта дамуы Қазақстанның стратегиялық даму жоспарында көрсетілген. Сондықтан да біздің еліміздің басты мақсаты исламдық қаржыны барынша дамыту және исламдық қаржы құралдарын кеңінен қолдану. Қазіргі таңда бұл бағытта барынша шаралар жүзеге асырылуда. Мысалы «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ құрылуы, оның мемлекеттік басты саясатты жүргізуі және ауыл шаруашылығы субъектілерін «Мурабаха» бағдарламасы аясында қаржыландыруын айтсақ болады. Ауыл шаруашылығы, басқа бизнес салалары және ондағы кәсіпкерлер ел экономикасының дамуында жетекші орынға ие. Дамыған мемлекеттерде шағын және орта бизнес үлесі ЖІӨ-нің 60–70% құрайды. Қазақстан – мүмкіндіктері мол дамушы мемлекет. Сондықтан мақалада исламдық қаржы құралдарының басқа да түрлерін белсенді қолдану ұсынылады: мушарака, салам, иджара, мурабаха. Бұл құралдардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, Мушарака құралы серіктестер үшін жағдайлар жасап және бизнесті нығайта түседі. Мурабаха и Салам келісімдері жана (маусымдық) өндіріс үшін бастапқы капиталды иелену мүмкіндіктерін береді. Иджара шағын және орта бизнесті қаржыландырудың альтернативтік көзі.

Тірек сөздер: исламдық қаржыландыру, құралдар, мушарака келісім-шарттары, салам мәмілері, иджара, мурабаха.

Соңғы онжылдықта әлемде болып жатқан экономикалық процесстердің, сондай-ақ, әлемдік экономиканың жаһандануы ең алдымен экономикалық және іскерлік байланыстар мен мемлекеттер мен компаниялардың және тағы басқа көптеген факторлардың тығыз байланысымен, бизнес-процесстердің хеджирлеу қажеттілігіне шарт қояды. Сонымен қатар, жағдай әлемдік қаржы дағдарысы және оның салдарынан көптеген әйгілі компаниялардың банкрот болуы жағдайды қиындата түсіреді.

Сондықтан, көптеген әлемдік қауымдастықтар барған сайын салыстырмалы жаңа қаржы құралдары – исламдық қаржы өнімдеріне назар аударуда. Анықталғандай, исламдық қаржы өнімдері ғана әлемдік қаржы дағдарысының күйзеліністеріне иммунды болды.

Дәстүрлі нарықтық экономикаға қарағанда ислам экономикасы исламның постулаттарына негізделеді сондықтан, барлық іскерлік қарым-қатынас негізі Шариат принциптері болып табылады. Бұл принциптер Аллаһ алдында міндеттерін орындау және қоғамдық өнім өндіру, ұдайы өндіріс барысында барынша әділетсіздікті болдыртпауға бағытталған.

Ислам экономикасының нарықтық экономикадан ерекшелігі – максималды табыс табу мақсатында пайда болатын қоғамға зиянды нәтижелерді болдыртпас үшін арнайы механизмдер қолдануында. Бірінші кезекте, «исламдық» экономика алыпсатарлық мәмілелерге және нақты активтер негізінде бизнес жүргізуге жол бермейді. Нақты қосылған құн нақты өндіріске негізделеді деп саналады және қаржылық ақша құралдарын сату негізінде пайда табу туралы сөз де болмау қажет.

Ислам экономикасының нарықтық экономикадан ерекшелігі адамзаттың максималды табыс табу мақсатындағы пайда болатын қоғамға зиянкестерді болдыртпас үшін арнайы механизмдер қолдануында. Бірінші кезекте, «исламдық» экономика ақшамен байланысты алыпсатарлық мәмілелерге және нақты активтер негізінде бизнес жүргізуге жол бермейді. Нақты қосылған құн нақты өндіріске негізделеді деп саналады және қаржылық ақша құралдарын сату негізінде пайда табу туралы сөз де болмауы қажет.

Қазақстанда исламдық қаржыландыруды құру және қалыптастыру туралы заңдар 2010 жылы қабылданды. «Исламдық қаржыландыруды дамытудың–2020 жылға дейінгі жол

картасында» исламдық қаржыландыруды дамытуға ерекше мән беріліп, басты бағыттары көрсетілген. Оларға мыналар жатады:

- 1) республикадағы исламдық қаржыландыруды дамытудың және исламдық банкинкке қатысты нормативті-құқықтық құжаттарды жетілдіру;
- 2) исламдық институттармен халықаралық экономикалық байланыстардың дамуы;
- 3) исламдық қаржылық өнімдер нарығының дамуына жәрдемдесу;
- 4) кең көлемде жәрдемдесу және инвестицияларды қаржыландыратын ұқсас қайнар көздер туралы ақпараттық-түсіндірмелі жұмыс және т.б.

Республиканың 2020 жылы стратегиялық жоспарына сәйкес, елімізде Исламдық өңірлік қаржы орталығын құруды жоспарлап отыр [1]. Қазіргі таңда Қазақстанда Al Hilal (Абу-Даби қ.) банкінің еншілес банкі «Исламдық «Al Hilal» банкі» жұмыс істейді. Банктің клиенттері негізінен ірі ұлттық компаниялары болып табылады, ал шағын және орта бизнесті (ШОБ) қаржыландыру мүлдем қарастырылмаған [2].

Халықаралық нарықта Қазақстанның төмен бәсекеге қабілеттілігі, экономиканың шикізаттық бағыттылығы, дамымаған қаржы нарықтары құрылымдық және институционалдық реформаларды жүргізілу керектігін білдіреді. Сондықтан Қазақстан өз стратегиялық дамуында жетекші рөлдегі жеке сектор болып табылатын экономикалық дамудың әртараптандырылған жолын таңдады. Тұрақты дамушы мемлекеттерде кәсіпкерлік басты бағытта және сондай мемлекеттерде кәсіпкерлік ЖІӨ-нің 70–75% құрайды. Экономика дамуына белсенді ат салыса отырып, шағын және орта бизнес экономиканың бәсекеге қабілеттілігіне, елдің саяси және әлеуметтік қорғанысына да әсер етеді.

Қазақстан экономикасындағы болып жатқан өзгерістер шағын және орта бизнестің оң өзгерісіне әкелуде. Жылдан жылға шағын және орта кәсіпорындар артып, ондағы жұмысшылар саны мен шығарылған өнімдер де артуда. 2011 жылы шағын және орта бизнестің еліміздің ЖІӨ-гі үлесі 10,5%, 2016 жылы 26,5% құрады [3].

Мемлекеттің орталықтандырылған қаражаттарымен қаржыландыру және оларды ысырап жасау тиімді әдіс емес. Сондықтан кәсіпкерлікті қолдаудың жаңа бағыттарын іздестірген жөн.

Сондай құралдардың біріне мушарака, салам, иджара, мурабаха сияқты исламдық қаржы құралдарын жатқызуға болады [4]. Келісімдердің осы түрлерінің мүмкіндіктерін қарастырайық.

1. Әлемде кең таралған исламдық қаржы құралы Мушарака болып саналады. Бұл құралдың ерекшелігі жаңа бизнесті ұйымдастыруға және шағын кәсіпкерлікті құруға мүмкіндік береді. Кәсіпкерліктегі бизнесте тиімді әріптестік механизмін ұйымдастыруды пайдаланғанда Мушарака ШОБ дамытудың өте тиімді құралы болып табылады.

Мушарака келісімі тең әріптестік қатынасқа негізделген. Бұндай әріптестік пайда табу мақсатында заттай, еңбек, қаржылық ресурстардың бірігіуін білдіреді.


Мушарака келісімінің негізі болып қандай да бір бизнес жоспарды (инвестициялық жоба) іске асыру мен ол жоспарды қаржыландыруды, одан пайда табуды қаржылық институт пен клиент біріге жүзеге асыруында (1 сурет, б. 139). Пайда қаржы институты мен кәсіпорын арасында алдын ала келісілген үлесте бөлінеді. Шығыны әріптестікке ену кезіндегі қосқан үлестері бойынша бөлінеді.

Мушарака келісімінің ерекшелігі серіктестер біріге инвесторда, инвестициялық жобаны орындаушы ретінде бола алады. Жобада бірнеше тәуелсіз серіктестер қатыса алады.

Мушарака келісімін қолдана отырып кәсіпкерліктің жаңа түрлерін ашуға болады. Мысалға, жеке картинг үшін автомобилдер сатып алу. Отандық банктік жүйе арқылы бұндай қаржыландыру түріне автонесиелендіру жатқызса болады. Мушарака жағдайында жеке тұлға тек автомобильді сатып алып қана қоймай өз бизнесін құра алады. Халықты жұмыспен қамтамасыз ете отырып Мушарака болашақта бірлескен кәсіпкерлік үлесті толықтай сатып алуға мүмкіндік береді. Ол сондай-ақ кәсіпкерге ғимараттар, өнеркәсіп объектілері мен құралдарын жалға алмай сатып алуда қолданылады. Кәсіпкерліктің бұндай түрі бизнестің жаңа нысанын ұйымдастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстанда ірі инновациялық жобалар мен стартаптарды қолдауда мемлекеттік қолдаудың белгілі түрлері қолданылады. Көбінесе, кәсіпкерлердің өз бизнесін құру және нығайтуда

басты даму институттарының серіктестігі арқылы жүзеге асады. Мысалы, Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік, Қазақстан Республикасының Инвестициялық қоры бизнесте ұзақ мерзімге серіктестік ретінде құрылады.




Сурет 1 – Мушарака келісімін пайдаланған кездегі бизнес-процесс

2. ШОБ дамытудың тиімді құралы ретінде Салам келісімі жұмыс істей алады. Салам келісімінің мәні болашақта активтерді жеткізуді есепке алатын мәмілені қаржыландыру түсіндіріледі. Сонымен бірге қаржыландырушы жақ кішігірім фермерлер мен саудагерлерге керекті айналым капиталын иеленуге мүмкіндік береді.

Бір жағынан Салам қаражат тартудың баламалы көзі болса, екіншіден жаңа (маусымдық) өндіріске бастапқы капиталы. Сондықтан да бұл құрал Қазақстанның ауыл шаруашылығында оңтайлы.

3. Жаңа өнеркәсіпті ашу үшін негізгі құралдар мен бастапқы капитал қажет. Бұл бағытта Иджара келісімі қажеттірек. Тәжірибеде Иджара лизингтік қаржыландырумен ұқсас. Иджараның ерекшелігі жалға беруші амортизациялық, салық, сақтандыру төлемдеріне арналған шығындардың бәрін өз мойнына алады. Жалға алушы тек жалға алынған мүлікке ұқыптылықпен қарап жалға алу төлемдерін уақытылы төлесе болғаны. Жалға алу уақыты аяқталғанда Иджара уа-Иктина келісімі бойынша активтің қалдық құны бойынша сатып алуына немесе қайтарымсыз негізде берілуі ықтимал. Бұл келісім түрі ШОБ салаларының барлығында қолданылады. Сондықтан да оны қолдану жылжымалы және қымбат жылжымайтын мүлікті жалдауда тиімді.

4. Егер кәсіпкер активтерді иеленуде қаражаттары жетіспеген жағдайда қаржыландырудың әдісі болып Мурабаха келісімі саналады (2 сурет).



Сурет 2 – Мурабаха келісімін қолданғандағы бизнес-процесс

Мурабаха келісімдегі бизнес-процесс тұтыну несиесіне ұқсас. Бірақ бұл құралдың экономикалық мәні жоғары. Мурабаха сонымен қатар кәсіпкерлікті қолдау құралы.

Ауыл шаруашылығы – Қазақстан экономикасының негізгі және дамушы саласы. Қазақстанның аграрлы секторы жоғары эксперт мүмкіндіктері мен инвестицияны енгізту үшін жоғары потенциалға ие. Азық-түлік қажеттілігі жыл сайын артуда. Ал бізге осы мүмкіндікті жібермеу керек [5].

2012 жылы Қазақстанда «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ құрылып, Исламдық даму банкі арқылы ауыл кәсіпкерлеріне «Мурабаха» бағдарламасы негізінде қаржылар берілді.

Кесте 1 – 2013–2015 жж. аралындағы «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ қызметінің негізгі көрсеткіштері

Негізгі көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2014 жыл 2013 жылға %-бен	2015 ж.	2015 жыл 2014 жылға %-бен
Несиелік қоржыны (млн. тенге)	38 118	57 133	49,8	69 204	21,1
Белсенді қарыз алушылар саны (адам)	19 395	24 537	26,5	28 941	17,9
Берілген қарыз (саны)	11 594	13 428	13,6	8 354	-60,7
Берілген қаражаттар көлемі (млн. тенге)	29 678	38 590	15,8	27 335	-41,1
Жұмыспен қамту (адам)	9 570	14 216	48,5	13 505	-5,1

Мәліметтерді талдасақ, несиелік қоржынның өскендігіне қарамастан қарастырылып отырған уақытта берілген қаражаттар көлемі 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы 41,1% төмендеген. 2015 жылы берілген қарыздар саны да төмендеген, яғни «Мурабаха» бағдарламасын жүргізуде төмендеу сипатталады. Бірақ қазіргі таңда бұл Қор ауыл шаруашылығы мен жеке кәсіпкерлікті қаржыландырушы жалғыз ұйым болып саналады. Қордың қатысуымен 2007 жылы ауыл тұрғындарын микронесиелеу ұйымдары бес есеге артып, микронесиелеу ұйымдары жүйесі арқылы қаржыландырудың жылдық көлемі он еседен жоғары болды, микронесиелеудің орташа қойылымы төмендеді. Капиталға қолжетімділік ауылдық микробизнестің дамуына оңтайлы әсер етіп, күнкөріс минимумынан төмен халықтың табысы 45,6 дан 6,1% азайды.

2005 жылдан бастап Қор ауыл кәсіпкерлеріне 85 млрд теңгеден астам 90 мың қарыздар берілді. Соның негізінде 85 мың адам жұмыспен қамтылды. 1.01.2017 жылы «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ қоржынында несиелеудің 16 бағдарламасы енгізілген.

Шағын шаруа қожалықтары мен отбасылық шаруа қожалықтарының, жеке кәсіпкерлердің қаржыландыруға қол жеткізуі бизнесті бастаудағы қаражат қажеттіліктерімен шамалас. ЭБДҰ эксперттерінің соңғы бағалауы бойынша, Қазақстандық үй шаруашылықтарының несиелері ЖІӨ 10% аспайды, ал бұл көрсеткіш Канада, АҚШ пен Ұлыбританияда ЖІӨ 80% артық.

Сөзсіз, аграрлық секторды уақтылы мемлекеттік шешу үшін оны жақсартуға бағытталған іс-шаралар қабылданып, қаржыландыру көлемі артып, жаға мемлекеттік бағдарламалар мен механизмдер іске асырылуда. Статистикалық мәліметтердің көрсетілуі бойынша жылдан жылға жалпы өнімді өндіру көлемі, ұлттық өндіріске шетелдік инвестиция артып, жаңа ауылшаруашылық объектілер құрылып, яғни жалпы динамикасы оң өзгерістерге ие болуда. Бірақ қолданыстағы шаралар жеткіліксіз, себебі күн тәртібінде шетелдік өнімдердің артуы, азық-түлік тауарлардың бағасының өсуі және ауылшаруашылық өнімдерін экспорттау механизмі мен құрылымының өзгермеуі және т.с.с. мәселелер шешілмеуде. Республикамызда бизнесті қаржыландыруға исламдық құралдарды кеңінен енгізту мемлекеттік қаржыландыру және субсидиялаудың баламасы ретінде қолданылар еді.

- 1 Рязанцева Н. Проблемы развития малого и среднего бизнеса в Казахстане: group-global.org. – 2015.
- 2 Арыстанов А. Біздің барлық жобалар ұзақ мерзімді, сондықтан қалыптасқан жағдайға қарамай, жүзеге асып келеді / Қазақстан стратегиялық зерттеулер институты, 2009: / <http://kisi.kz>.
- 3 «Al Hilal» Ислам Банкі». Ресми сайты: /<http://www.alhilalbank.kz>.
- 4 Оналтаев Д.О. Исламские финансы: учеб. пособие. – Алматы: Тауғуль-Принт, 2015. – С. 282.
- 5 «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры». Қаржылық көрсеткіштері: //www.kazagro.kz/kk/web/fond.

Аннотация

В последнее десятилетие современный бизнес проявляет особый интерес к исламским финансовым инструментам. Прежде всего это связано с их «стрессоустойчивостью» перед кризисными явлениями в экономике. С каждым годом увеличивается количество исламских финансовых институтов и инструментов не только в азиатских странах, но и в экономически развитых странах. На постсоветском пространстве Казахстан имеет определенные успехи по применению инструментов исламского финансирования для бизнеса. Перспективные направления развития исламского финансирования отражены в стратегических планах развития Казахстана. Поэтому ключевой целью нашего государства является всемерное развитие исламских финансов и широкое применение инструментов исламского финансирования в Казахстане. На сегодняшний день в этом направлении сделано немало. Так, большого внимания заслуживает создание АО «Фонд государственной поддержки сельского хозяйства», который проводит активную государственную политику и финансирует субъекты сельского хозяйства по программе «Мурабаха». Сельское хозяйство, другие сферы бизнеса и занятые в нем предприниматели занимают важное место в развитии экономики нашей страны. В развитых странах доля малого и среднего бизнеса в ВВП страны занимает 60–70%. Казахстан – это развивающаяся страна с большими возможностями. Поэтому в статье предлагается активно применять и другие виды исламских инструментов: мушарака, салам, иджара, мурабаха. Каждый из этих инструментов имеет свои преимущества. К примеру, применение мушарака создает условия для партнерства и укрепления бизнеса. Сделки мурабаха и салам предоставляют возможность приобрести стартовый капитал для нового (сезонного) производства. Иджара также является альтернативным источником финансирования малого и среднего бизнеса.

Ключевые слова: исламские финансы, инструменты, контракты мушарака, сделки салам, иджара, мурабаха.

Abstract

In last ten years modern business pays a special attention to Islamic financial instruments. The main reason for that lies in their “stress resistance” to economic crises. Each year the amount of Islamic financial institutes and instruments increases in Asian countries, as well as in economically developed countries. Among the former Soviet Union countries Kazakhstan has certain progress in implementation of Islamic financial instruments into business. Perspective directions in Islamic finances development are considered in Strategic plan of Kazakhstan development. That is why main goal of our country refers to a comprehensive development of Islamic finances and their wide use all over Kazakhstan. For example, “Fund of State support of Agriculture” JSC was established to carry out active State policy and finances agriculture parties under program “Mubaraha”. Agriculture, other business spheres and engaged entrepreneurs take important place in economic development of our country. In developed countries the share of small and middle enterprises in GDP composes around 60–70%. Kazakhstan is an emerging market with broad opportunities. That is why the Article advises to use other types of Islamic instruments such as Musharaka, Salam, Idjara, Murabaha. Each of these instrument has its own advantages. For example, Musharaka gives conditions for partnership and business strengthening. Transactions under Murabaha and Salam provide an opportunity to gain starting capital for new (seasonal) production. Idjara also gives alternative funding resources for small and middle business.

Key words: islamic finance, instruments, musharaka contracts, salam deals, idjara, murabaha.